



ШЫҢЖАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІ

ШЫҢЖАН
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫ



ШЫҢЖАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІ



ШЫҢЖАН
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫ



Алматы «Атамұра» 2008

ББК 85. 9

Ш 97

Ш 97 Шыңжан қазақтарының өлең-жырлары.
Жинақтап құрастырған Долда Кенешұлы. —
Алматы: Атамұра, 2008. — 336 бет.

ISBN 9965—34—808—1

Жинақта ұлттық рухани қорымызды байыта түсетін Шыңжан қазақтарының өлең-жырлары топтастырылған. Мәдениеттанушы, композитор Долда Кенешұлының тұрмыс-салт жырлары, кара өлеңдер мен айтыстар деген үш бөлімнен тұратын бұл еңбегі Астана қаласының 10 жылдық мерейтойына тарту ретінде ұсынылып отыр.

**Ш 4702250205—035
418(05)—08** хабарландырусыз—2008

ББК 85. 9

ISBN 9965—34—808—1

© Кенешұлы Д., 2008

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сарыарқаның төрінде бой түзеген ару Астананың онжылдық тойы — ең алдымен, мәдени және рухани маңызы зор оқиға. Оның негізінде қабырғалы халқымыз бен еңселі еліміздің санғасырлық тағдыры жатыр.

Тауы — тарих, құмы — шежіре қазақ даласы бір қарағанда өзгеріс атаулыға бейжай көрінгенімен, оның құрсағында қалыптасқан бір ақиқат бар. Ол — дала рухы.

Далаға ұлан-асыр рухани дәулет тән. Даланың рухы — ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ата салтында, даналығы оның төсін жайлаған жұрттың өмір сүру қалпында.

Кез келгенге көне мұраларымыз жайдақ кітап сияқты ө дегеннен-ақ ақтарыла салмайды. Олардың құпиясы — тұңғиықта, қалтарысы — тереңде. Үңіліп, зерделеп, зерттеу, тер төге отырып реттеу — ғалымдарымыздың, қолына қалам ұстаған зиялы қауым өкілдерінің, қала берді көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азаматтың абзал борышы.

Осы тұрғыдан келгенде, тағдыр тауқыметімен кезінде шекара асып, кейіннен туған жерге қайта оралған Долда Кенешұлының қолдарыңызға тиіп отырған **«Шыңжан қазақтарының рухани мәдениет үлгілері»** атты жинағы ұлттық мәдени қорымызға, Елбасы бастап, ел қоштаған, тәуелсіз мемлекеттігіміздің даусыз дәлелі **«Мәдени мұра»**

мемлекеттік бағдарламасына қосылған аса құнды дүние болып табылады.

Белгілі этнограф, музыка және фольклортанушы, ардагер Долда ағамыздың көп жылдар бойы көз майын тауысып жинаған бұл жәдігерлері Шоқан Уәлиханов пен Александр Затаевичтердің ұлттық мәдениетімізге сіңірген ұшан-теңіз еңбегімен салыстыруға тұрарлық. Әсіресе өскелең ұрпақ үшін.

Шын мәнінде, ұлттық мәдениет, ұлттық рух — бесіктен белі шықпаған баладан басталады. Тәуелсіз, егемен, еркін еліміз әлемнің төрт бұрышына бірдей танылып, саяси-әлеуметтік және экономикалық жағынан тұрақты даму жолына түскен бүгінгі күні мұның өзі ел үшін ең басты мұраттардың бірі. Сондықтан жас ұрпақ бойында отансүйгіштік сезімді тәрбиелеп, қалыптастыру, мәдени мұраларымыздың сыры мен қырын ашып, халықтың игілігіне жарату — баршамыз үшін үлкен парыз. Бұл ретте жарық көріп отырған осы еңбекті жан-жақты әрі мұқият даярлап, баспаға әзірлеуге атсалысқан ақын Ұлықбек Есдәулетке, музыка мамандары Біләл Ысқақов пен Айтқали Жайымовқа, сыбызғышы Еділ Құсайыновқа шынайы алғысымды айтқым келеді.

Долда Кенешұлының аталмыш еңбегін Елордамыздың мерейтойына тамаша тарту деп қабылдайық.

*Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
ЮНЕСКО істері жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
төрағасы*



Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ



Б І Р І Н Ш І Б Ө Л І М

ҚАЗАҚТЫҢ
ТҰРМЫС-САЛТ
ЖЫРЛАРЫ

БЕТАШАР

Ал бастайын беташар,
Бақытты істен кім қашар.
Алғыс ал, келін, халықтан,
Ықылас тиген мың жасар.
Келін дейміз келген соң,
Апамыз әкеп берген соң.
Атыңа қанық боламыз,
Бетінді ашып көрген соң.
Бұрынғының санаты,
Беташар деген жосын бар.
Қыз бермекті «сүннәт» деп,
Айтқан екен Пайғамбар.
Жақсы болсаң, шырағым,
Шын жақсы елің мұнда бар.
Жаман келін келе сап,
Жалпылдап ұшып жынданар.
Жамандық арзан жалғанда,
Жақсылық деген мында бар.
Әулиелер, білгіштер,
Ақылымен бал ашар.
Жақсылардан шыққан сөз,
Үштен бірге жанасар.
Әдептіден туған қыз,
Келген жерге жарасар.
Әдепсізден туған қыз,
«Бөк жеме» деп әркімге,
Жоқ нәрсеге таласар.

Мінгенде атың қаракөк,
Жат жерге келдің бала боп.

Жатсынып үйге тоқтамай,
Жүрмесін көңілің дала боп.
Мінгенде атың Көкбесті,
Көлденең өтсе теппес-ті.
Аз күн үйір болған соң,
Өз үйің бұған жетпес-ті.
Бұл да ардақты шаңырақ,
Ұрпағы жүрген жағалап.
Үлкен-кіші ағалап,
Әдепті бол, шырағым,
Келдің бір жұрт жаңалап,
Шаңыраққа бір сәлем!

Сөзді бірден бастайын,
Ауылдан айтар жосын бар.
Аяқтарың талмасын,
Кеңестің артын тосындар.
Жақсы келін болсаңыз,
Шын жақсы елің мұнда бар.
Нақыл сөзді тыңдарлық,
Құйма құлақ мында бар.
Аз өсиет айтайын,
Құлағың салып тыңдап ал.
Ел жаңалап келген соң,
Саған талай сын да бар.
Бұрынғының мирасы,
Одан асып кім қалар.

Келді мына көпшілік,
Дидарынды көргелі.
Жақсы келін атанып,
Ұғымды бол зерделі.
Сүйкімсіз болсаң, шырағым,
Боласың елдің ермегі.

Сыйымды болсаң сыйың көп,
Таусылмас елдің бермегі.
Жылтыраған серілік,
Сыртының ғана көрнегі.
Ақылды болсаң кең сабаз.
Шыныңның жақсы өрнегі,
Жағымды болсаң халыққа,
Қаз-үйрексің көлдегі.
Шебер болсаң ұқыпты,
Үйіннің жақсы өрнегі.
Ауылға бол сыйымды,
Ақылы асқан зейінді.
Сен келеді деп қуанып,
Төңірек түгел жиылды.
Жақсы болып ортада,
Еліңе көрсет сыйыңды.
Қадірлі келін болыңыз,
Ашық болсын қолыңыз.
Тастай қатып алмаңыз,
Теріс қарап қалмаңыз.
Көп қауымды құрметте,
Үсті-басты кірлетпе.
Лайық емес жас адам,
Сүйретіліп жүрмекке.
Балаларға ілесіп,
Жүгіре берме дүрмекке,
Көпшілікке бір сәлем!

Айтайын әуелі атасын,
Атасы берер батасын.
Ықылас тиген адамның,
Кешіреді Алла қатасын.
Ата-енен тірі тұрғанда,
Алуан шекер татасың.

Атаңыз болар әкендей,
Енеңіз болар шешендей.
Қарсыласып олармен,
Шәңкілдеп жүрме тікшендей.
Жақсы қызмет болмайды,
Ата-ененді күткендей.
Атаңыз енші береді,
Көгенмен қосақ келеді.
Жақсы болса келіні,
Өз қызындай көреді.
Жаман болса келіні,
Күнде қор боп өледі.
Тіс кеткенде кемпір-шал,
Талқан болар қорегі.
Жақсы келін жұмсақтап,
Дәмдеп түйіп береді.
Шарқая келін шарқылдап,
Саптаяқпен переді.
Сақ бол, келін, осыдан,
Шай түспесін мосыдан.
Қорғалап қор боп қалады,
Келінінен шошыған.

Қой берсін атаң ағынан,
Мыңнан өрбу бағыңнан.
Қойлы ауылдың келіні,
Алтын моншақ тағынған.
Бағы болса келіннің,
Өседі қойы табыннан.
Түйе берсін сарыдан,
Алтай артса арыман.
Ауылыңды басып сары түйе,
Боталасын парынан.
Жылқы берсін торыдан,
Арғымақтай зорынан.

Кетпес сірә, қолыңнан,
Қымызды саба қорынан.
Бағың өсер, шырағым,
Аумай бассан аяқты.
Ақылдының жолынан.
Сиыр берсін аладан,
Өзі қайтар даладан.
Қаймақ-сүтке таласып,
Есің шықсын баладан.
Сөзім сөгіс болмасын,
Пенде осыдан тараған.
Атаңнан алғыс кеп жатыр,
Ұзақ жаса деп жатыр.
Тындасан сөзін атаңның,
Таусылмайтын мол ақыл.
Аямас сенен бар малын,
Айтқанын ұқсан атаңның.
Ақылды бала болғаның,
Нақ зейінді болсаңыз,
Тауысар атаң арманын.
Атаңызға бір сәлем!

Артқан түйең атан шан,
Әдепті келін атансаң.
Бақ-дәулетті боласың,
Ата-ененнен бата алсаң.
Мінгенде атың торбесті
Аяңымен жер тесті.
Ата-енеңіз аршындар,
Келген келін болса есті.

Енді айтамын енесін,
Ол байғұс не десін.
Енді есіме оралды,
Енеңіз жайлы кеңесім.

Аз сөйлесем ененді,
Зарлаған қужақ демессің.
Шешеніздей енеңіз,
Қалай кемпір деменіз.
Бұл ардақты, бақты ана,
Қолына қарап келеміз.
Жуас кемпір жайдарлы,
Қалындаулы майлары.
Тұлымды қыз ұзатып,
Ұл отаулап айдарлы.
Қақ-соқ жоқ жуас жан,
Ағайынмен сыйласқан.
Қабағына қақпайды,
Пейілі жақсы ұнасқан.
Апаңа бол жағымды,
Ікеміне бағынды.
Сен келгенше асығып,
Өте қатты сағынды.
Ененді жақсы сыйласаң,
Ашады Алла бағынды.
Айырмастай қасынан,
Жақсы апа енді табылды.
Көп сағынып зарығып,
Алысқа жүріп сабылып,
Үйдің ішін тинақтай
Тазалап отыр қағынып.
Апаңның көніп ырқына,
Сыйынып отыр табынып.
Аз күн үйір болған соң,
Қақпас деп жүрме қағынып.
Ертерек шайын іше алмай,
Отырмасын сарылып.
Отқа қойған тамағы,
Босқа күйіп қарылып.

Қисайып шелек жығылып,
Жатпасын шыны шағылып.
Апаңның тілін алып жүр,
Сөзіне құлақ салып жүр.
Кемпір тұрар деп жатпай,
Түңілік ашып ерте тұр.
Жағаласып кілтіне,
Таласып үйдің мүлкіне.
Қақпайласаң кәрі деп,
Қаласың шырақ, күлкіге.
Қамқоршы ана балаға,
Бала айналар анаға.
Жөнінді айтпай апаңа,
Жүгіре берме далаға.
Жақсы болса келіні,
Таусылмайды берімі.
Жаман болса келіні,
Жыбырлап сөйлер еріні.
Күт, шырағым, кемпірді,
Үйіне әрең келтірді.
Апасын күткен келіннің,
Оңынан самал жер тұрды.
Көп сыйласаң апанды,
Кешірер Алла қатанды.
Тізесін иді келінің,
Апасы бер батанды.
Апаңызға бір сәлем!

Енді айтайын қайнаған,
Жасаулы жүгің жайнаған.
Қайнағаның алдында,
Әдепсіз келін таймаған.
Әдепті келін ағасын,
Жұрындап берер жағасын.

Қайнағадан жасқанып,
Көрсетпейді қарасын.
Сәлем етер иіліп,
Пір көреді сыйынып.
Қайнаған үйге кіргенде,
Қымтанып отыр жиылып.
Әдепсіздік қылмаңыз,
Үлкендерді сыйлаңыз.
Құрмет етсең үлкенге,
Кішіпейілділік ибаңыз.
Қайнағаңыз ағандай,
Құндыздан салған жағандай.
Үлкендердің алдында,
Қатты күлме дарандай.
Айдап берген қалында,
Аямаған малын да.
Бақытты келін боласың,
Қайнағаңның барында.
Қайнағаңа бір сәлем!

Айтайын енді інісін,
Ініңіз болар тынысың.
Сыйлассаңыз інімен,
Ол да бір үлкен ырысың.
Ол өзіңнің інішің,
Сүйенішің күн үшін.
Қайын ініңді сыйласаң,
Кең болады тынысың.
Еркелеп келер қасыңа,
Әлек салып басыңа.
Ақылменен алмасаң,
Артық сөйлеп асырма.
Алдасаң көнер ақылға,
Ашуланып бақырма.

Әдіс-амал, айла істеп,
Ондай жынды бауырға.
Айылың мықты ат мінсең,
Қолқанатың нақ білсең.
Кешірімді көп істе,
Жындыда болар артық-кем.
Ішкеніңнен бөліп қой,
Асқаныңнан беріп қой.
Тату болсаң қайныңмен,
Сүйеніш саған серік қой.
Қайны ініңе бір сәлем!

Енді айтайын абысын,
Абысындар, бармысың.
Бір аяқ ас табылса,
Бөліп қояр жармысын.
Абысын болар ең сырлас,
Біріне-бірі тіл бұрмас.
Абысын тату болғанда,
Ойын-күлкі сыңғырлас.
Абысын болса ақылды,
Қаймақты шайға шақырды.
Тату болса абысын,
Кеңеспен танды атырды.
Ағайынның арасын,
Айырып ақ пен қарасын.
Жарастырып, жақсартып,
Болдырмайды таласын.
Келіспеген абысын,
Ағайынды не қылсын.
Екі араға сүйрендеп,
Нақақ бөле жабылсын.

Абысынды сыйлаңыз,
Айтқан тілін бұрмаңыз.

Құрастырып сөз тауып,
Сырттай өсек қылмаңыз.
Еркелігін көтермей,
Жас баласын ұрмаңыз,
Абысын анық замандас,
Алыс жерден амандас.
Абысынның қасында,
Отырмаңыз жалаң бас.
Тату-тәтті болады,
Абысынның арасы.
«Сені» менен «мені» жоқ,
Арада болмас таласы.
Ағайынды жат көрмес,
Жақсы адамның баласы.
Абысыныңа бір сәлем!

Шықтым алға тосыннан,
Білмеуші ем артық жосыннан.
Ұзақ болсын өмірі,
Екі жастың қосылған.
Соңындағы бір сәлем!

* * *

Келін келді, есік аш,
Енесі, тұрып шашу шаш.
Қайнағасын тұрғызбай,
Қайны, тұрып бетін аш.

Лұқпан Һакім Шұғайып,
Бата берген қол жайып.
Адамзаттан жол қалған,
Көп жылама мұңайып.

Қызыр менен Ілияс,
Күн сайын елің жиылмас.

Орнығып көңілің алғанша,
Өксігің сенің тыйылмас.

Бір Пайғамбар салықты,
Той қылып жинап халықты.
Жалғыз қызын ұзатып,
Ол да апарып салыпты.
Біз шығарған жол емес,
Солардан мирас қалыпты.
Бәтима, Зейнеп апамыз,
Солардан үлгі айтамыз.
Ұзатып қызын беріпті,
Бұрыннан Адам атамыз.
Қуанышпен жуылар,
Жүректе қайғы-қапамыз.

Мен едім қайның беташар,
Тауып айтсам жарасар.
Құмарланып естуге,
Қыз-бозбала жарасар.
Құтты болсын, ақсақал,
Мына келген балаңыз.
Оң жағында қызарып,
Қуанып қалды анамыз.
Бұрынғыдан артық жол,
Іздесек қайдан табамыз.

Мен айтайын өсиет,
Үлкендерге құрмет ет.
Адалдықпен ерінбей,
Ел-жұртыңа қызмет ет.
Үлкеннің тілін қайтарма,
Мақтауың жақсы айтарға.
Тәкаппарлық іс істеп,
Үйір болма шайтанға.

Қасы-көзін қиылып,
Тал шыбықтай иіліп.
Үлкендерге сәлем ет,
Ақылына сыйынып.

Келген соң желек жамылып,
Май құйшы отқа табынып.
Жалғыз бір сенің жолында,
Күйеуін жүрді сабылып.
Көңілдерің жай тапты-ау,
Іздегенің табылып.
Айтпайын-ақ деп едім,
Аузыма түсті нағылып.
Қиын екен көп алды,
Қорғалап тұрмын жаңылып.

Мына келген жас келін,
Біреудің ерке баласы.
Еріп келді қасына,
Өзінің туған анасы.
Келіп қалды осында,
Ешкімнің болмай таласы.
Қуанысып мәз болды,
Ағайын ел-жұрт арасы.
Сөзімді ұғып қолданыз,
Алдында тұрған жорғаныз.
Жаттық үйден жас келін,
Үйдегідей болмаңыз.
Мәлімсіз қызық сырыңыз,
Сөзіме мойын бұрыңыз.
Күйбендемей жакынға,
Алысқа ұзап жүріңіз.
Үлкендерден бата алып,
Көп алғысын жиыңыз.

Жаман келін белгісі,
Күлкі болар үлгісі.
Іске мойын жар бермей,
Келер босқа жүргісі.
Ел аузынан сөз теріп,
Кеп тұрар өсек қылғысы.
Қонақ келсе сын атар,
Балаларын шулатар.
Кет дей алмай қонаққа,
Баласын ұрып жылатар.
Борылдатып бос күлді,
Отқа құман құлатар.
Ұялған қонақ амалсыз,
Басқа сөзге жұбатар.

Мұны айтамын күйініп,
Шынымен тәуба үйіліп.
Жаман бола қоймассың,
Тұр екенсің иіліп.
«Жақсыны іздеп көрмекке»,
Жамағат тұр жиылып.
Тілек тілеп апаң тұр.
Бір Аллаға сыйынып.
Сенен басқа тілек жоқ,
Қалған соң дәмің бұйырып.
Жылжып тұрсаң жорғалай,
Әдеппен басып қорғалай.
Қызмет етсең еліңе,
Мандайдан терің сорғалай.
Ондай адам болғанда,
Бақ кетпейді орнамай.
Отыра берме былшиып,
Талқан салған дорбадай.
Жұмсағанда іркілме,
Көп айтқызып зорламай.

Атқа мінген ерінді,
Төбеге шығып болжамай.
Дария судай тасыңыз,
Тең құрбыннан асыңыз.
Көрінбесін ерсі боп,
Дудыраған шашыңыз.
Кез болып қалса үлкендер,
Әдеппен есік ашыңыз.
Қазақ жолы шаңырақ,
Үлкен болар құрметке,
Ойнақ етпей ойыныңа.
Әр уақыт құрметте.
Ерте тұрып отты жақ,
Ұқыпты бол үй баптап.
Жатып алма ұйықтап,
Жүрмесін шашың дудырап.
Келіннің қара кейпін деп,
Көргендер кеңес туғызад .
Шаңғы аяқ келін атанба,
Өсек қуып шапқылап.
Бапты болған осы деп,
Атанба елге талбыаяқ.
Қазбалап айтты дей көрме,
Ұқтырайын нақтылап.
Нанбасаң маған ұғып көп —
Күйеуіңнен нақ сұрап,
Сырласқаның жарасар.
Үй болған соң бас құрап.
Жақсы келін белгісі,
Жайылар көпке үлгісі.
Сырын сыртқа білдірмес,
Үйіне келсе жүз кісі.
Үлкен менен кішіге,
Түгел жағар түрлісі.

Жаман келін белгісі,
Тасыр-тұсыр жүрісі.
Көк инені түрте алмас,
Күнде шығып бір ісі.
Қаспақ басып қазанын,
Тазартылмас шынысы.
Ыластықтан тарылар,
Көргендердің тынысы.
Долы келін шарқылдақ,
Дауысы шығар шарқылдап.
Көкбеттеніп бұлдана,
Қол-аяғы қалшылдап.
Ондайларда бола ма,
Ұялып көптен тартынбақ.
Жақсы келін келген бақ,
Отырған жерің алтын тақ.
Қасыңа келген баланың,
Басын сипап моншақ тақ.
Еліңе жағып бата алсаң,
Басыңа берер Алла бақ.

Әуелі сыйлар атасын,
Атасы берер батасын.
Атасынан бата алған,
Үлгілі келін атансын.
Атасына бір сәлем!

Онан соң сыйлар енесін,
Енесі байғұс не десін.
Риза етсең ененді,
Ененіз жаман демесін.
Өз өмірін үлгі етіп,
Келінге айтар кеңесін.
Енесіне бір сәлем!

Онан соң бар қайнаған,
Келіні сенсін жайнаған,
Жақсы келін белгісі,
Үлкеннің атын байлаған.
Жаман келін белгісі,
Сөз қайтарып таймаған.
«Иттің малы екен» деп
Қарғап малын айдаған.
Жеңешемнің шалы деп,
Тергеп атын қоймаған.
Ибасыз келін екен деп,
Қайнағасы ойлаған.

Қайнағасына бір сәлем!

Онан соң сыйлар абысын,
Абысын, мұнда бармысын.
Бір аяқтан ас ішсе,
Оған қояр жармысын.
Жеңешем ауыз тисін деп,
Келін де қояр дәмдісін.
Сіз-біз деген сыйлаудан,
Шығармас басқа дауысын.
Тату болсаң, үндессін,
Тағдырда өмір біргесін.
Араз болсаң алыстан,
Байы бөлек күндессін.
«Қос үйді қоса қондырмай»
Бөлетін туыс іргесін.
Келіндер бізді тоздырды,
Десіп елін жүрмесін.
Дұшпандарың табалап,
Достарың сырттан күлмесін.
Бірлік түбі береке,
Айтты деп сөкпе бұл несін.
Абысынына бір сәлем!

Онан соң сыйла қайнынды,
Қайның да болар қайырымды.
Атынды ерттеп жүк артып,
Тартып берер айлынды.
Қолғанатың ол дайын,
Қызметіңе қай күнгі.
Деп танысаң ырысын,
Күйеуінің інісін.
Бауырындай жан тапсаң,
Артыңнан ерген тынысың.
Қайның сырттан келгенде,
Әзілге толар үй ішің.
Қолыңнан оның тынады,
Қатты қайырым жұмысың.

Қайын сіңлің тағы бар,
Әміріңе сенің бағынар.
Сыйлап берген моншақты,
Мақтаныш етіп тағынар.
Жақсы болсаң жағымды,
Жаныңнан сенің табылар.
Қытымыр болсаң оларға,
Олар да сені неғылар.
Жақсы болып айырылсаң,
Алдымен сені сағынар.
«Ақылдым, серігім, салмақтым»
Деп майдалап жағып ал.
Ат тергеуге олар үйретеді,
Тіл жалтылдатып қағып ал.
Мұндай келін түскеннің,
Десін ел-жұрт бағы бар.
Жақсы болсаң затты дер,
Сараң болсаң қатты дер.
Қасыңа келген баланың,
Басын сипап тәтті бер.

Жалған ниет көрсетпей,
Шын ниетпен жақсы көр.
Ел-жұрт мақтап атанды,
Жақсы келін тапты дер.
Мінезі майда жібектей,
Келіні неткен жақсы дер.

Онан соң сыйла жарынды,
Таза сақта арынды.
Жолдасыңды сыйласаң,
Бағалар жұрт нәрінді.
Күмәншіл болмай жүріңдер,
Бір-біріңе нанымды.
Мүлт жібермей ұғып ал,
Үлкендер берген тәлімді.
Құлағыңда жүрсін деп,
Жатырмын айтып бәрінді.
Отырған елім жиылып,
Бет аш деп маған бұйырып.
Жол бойынша сөйледім,
Желегінді сыпырып.
Жақсы болды тойыңыз,
Жарасымды бойыңыз.
Бет ашқан мендей қайныға,
Жақсылап бір ат қойыңыз.

Енді келін несі бар,
Асықты жілік төсі бар.
Алдыңа тамақ келгенде,
Бісімиллә деп кесіп ал.
Бәрін өзің жей салмай,
Мені де бір есіңе ал.
Көпшілікке бір сәлем!